

Тілдің тереңіне бойлап, сөздің мәнін ұғып, ұлттық құндылықтарға қарай бейімдеп оқыту – заман талабы. Жас балалардың дұрыс сөйлеуі, тілін шұбарламай сөйлеуі, өз тілінде мақтанышпен сөйлеуі – осының бәрін барлық мұғалім жан-жақтан қадағалауға міндетті деп ойлаймыз. Қала мектептерінде сөзін бұзып, өзге тілде сөйлесе, өңі кіретіндей сезінетін оқушылар жетеді. М.Әуезовтің: «Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел азған ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Осындай сормандай ел бұрында көп болғанына тарихта дәлелдер аз емес» деп айтқанын ұмытпауымыз керек. [4] Алаш ардақтысы, ұлттық педагогикамыздың негізін қалаушы Мағжан Жұмабаев: «Біз дәл қазір ұлттық мектептің берік негізін қалауымыз керек. Соңғы кездері біз соқыр еліктеу ауруына шалдыққанымызды ескеруіміз керек. Қазақтың жанын басқа үлгіге қарай ауыстыруы қорқыныш тудырады. Жаңа мектептің негізін қалай отырып, осы соқыр еліктеу жолына тағы да түсіп кетпегеніміз дұрыс болар еді» [5] деген болатын. Мағжан арман еткен жаңашылдық пен ұлттық тәрбие мәселелері бүгінгі күні де өзекті сипатқа ие болып отыр. Мектебіміз түгіл, отбасылық тәрбиемізге де кіріп алған өзге жұрттың тәрбиесі ұрпағының келешегіне кесірін тигізерін Мағжан күні бұрын білді. Соқыр еліктеудің соңы сүріндірерін, опындырарын біліп, сақтанудың жолдарын қарастырды. «Педагогика» атты еңбегінде: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады... Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» деген [5].

Әлемдегі және түркі тілдерінің ішінде берден-бір әуезді тіл (сингармонизм заңы бар) қазақ тілі екені барша жұртқа аян. Осындай ұлт тілін ұрпаққа дәріптеу – біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Арман-ПВ, 2018.
2. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Арман-ПВ, 2017.
3. Қасқабасов С. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Жазушы, 2018. – 98 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Жазушы, 1989.
5. Жұмабаев М. Үш томдық толық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2003.
6. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

М. М. Төлеуп, ф.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
m.tuleup@aes.kz

Ғ.Ғ. Шәрібжанова, ф.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
g.sharibzhanova@aes.kz

СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Функционалдық сауаттылық халықтың және жалпы қазіргі мемлекеттің әл-ауқатымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып табылады [1]. XX ғасырдың ортасынан бастап функционалдық сауаттылық мәселесі халықаралық ұйымдардың назарында болды.

Сауаттылық қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне, өмірдің барлық аспектілерін байланыстыратын және қазіргі әлемде өмір сүретін адамға айналды.

Қарапайым тілмен айтқанда, сауаттылық – бұл өз идеяларын жеткізу және адамдарға әсер ету мүмкіндігі [2].

Дегенмен сауаттылық өмірдің көптеген басқа салаларында да маңызды рөл атқарады. Сауаттылық білім беру мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді, жақсы жұмыс табуға және жоғары қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [2].

Сондай-ақ функционалдық сауаттылық – адамның қоғаммен өзара қарым-қатынасы жағдайында оқу және жазу дағдыларын пайдалану қабілеті (банкте шот ресімдеу, нұсқаулықты оқу,

кері байланыс сауалнамасын толтыру және т.б.), яғни бұл сауаттылық деңгейі, бұл адамға сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуге және онда мүмкіндігінше тез бейімделуге және жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұған мәтіннен ақпарат алу үшін оқу және жазу дағдыларын еркін пайдалану және осындай ақпаратты нақты қарым-қатынаста, мәтіндер мен басқа хабарламалар арқылы сөйлесу мүмкіндігі кіреді.

В. Хуторской атап өткендей, білім беру құзыреттеріне оқушының функционалдық сауаттылығының компоненттері кіреді [3, 115-бет].

«Функционалдық сауаттылық» және «құзыреттілік» деген өзара байланысты екі ұғымды қарастыра отырып, техникалық жоғары оқу орны студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үдерісінде қандай құзыреттілік жетекші (негізгі) болуы мүмкін екендігіне қатысты зерттеушілер арасында бірыңғай пікір жоқ деп қорытынды жасауға болады, бірақ, қаралған әрбір құзыреттіліктің функционалдық сауаттылықтың белгілі бір компоненттері бар екені анық, бұл ретте құзыреттіліктің әртүрлі түрлерінде функционалдық сауаттылықтың ұқсас компоненттерінің болуы сияқты фактіні ерекше атап өту қажет [4].

Оқу кезеңіндегі оқу іс-әрекетінің сәттілігі болашақта маманның кәсіби қызметінің тиімділігін анықтайды, сондықтан өмірде өзін-өзі жүзеге асырудың жоғары деңгейіне қол жеткізеді [5], демек, оқу-танымдық құзыреттілікті дамытудың негізі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі уақытта жоғары білім берудің өзекті мәселелерінің біріне айналуға.

Бүгінгі таңда ЖОО-да қазақ тілі, кәсіби қазақ тілдері бойынша білім беру академиялық мақсаттармен шектелмейді, оған күнделікті өмір мен жұмысқа байланысты функционалды және операциялық мақсаттар кіруі керек.

Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі – тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде де тілдік қатысымның субъектісіне баса назар аударылып, тілдің нақты қарым-қатынас жағдайындағы жұмсалымын адресанттың ойы мен адресатқа қарым-қатынасын жеткізуші экспрессивті құралдар жүйесін және коммуникацияны тіл арқылы өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастыратын ғылым ретінде прагматикаға қызығушылықтың артуы байқалады [6, 6-бет].

Функционалды мақсаттарды шешу бойынша студенттер бойында келесі міндеттерді орындай алады:

- әр түрлі типтегі мәтіндерді (ақпараттық және қолданбалы сипаттағы, әдеби мәтіндер) саналы түрде оқу және есту арқылы қабылдау, сондай-ақ шығару;
- әртүрлі көздерден ақпарат ала білу;
- БАҚ пен интернеттен ақпаратты табуды және сыни бағалауды үйрену;
- дереккөздерді қолдана білу және оларға сілтеме жасау;
- кестелерді, диаграммаларды, шартты белгілерді оқи білу және оларды өз мәтіндерін дайындауда қолдана білу.

Осы міндетті шешу мақсатында кәсіби тілді меңгерту үшін университетімізде «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге арналған бірнеше оқу құралы құрастырылды. Оқу құралдарының басты мақсаты – студенттердің ғылыми және кәсіби салада ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауы үшін қажетті тілдік дағдыларын кешенді түрде жетілдіру, цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру, қазақ тілін кәсіби қызметтерінің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыстарында пайдалануына және өз бетімен білім алуға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыретке ие болуын қамтамасыз ету, салыстырмалы аспектіде арнайы лексика мен терминологияны ұсыну, кәсіби аударма дағдыларын қалыптастыру.

Оқу құралында негізгі қалыптасқан құрылымдарды ұстана отырып, студенттер өз мамандығына сәйкес осы салада кездесетін ғылыми-техникалық мәтіндерді тереңірек түсіне алып, ауызша және жазбаша кәсіби-іскери бағытта қолдана алуы керек. Мамандыққа қатысты мәтіндер, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуге арналған дидактикалық жаттығулар, кәсіби-іскерлік сөйлеу құзыреттілігін дамытуға арналған тапсырмалар беріледі. Шығармашылық тапсырмалар мен іскерлік ойын түріндегі тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар креативті ойлау қабілетін дамыту, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, ауызша және жазбаша ғылыми қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырумен қатар желі этикетін меңгеру мүмкіндіктеріне қол жеткізе алады. Термин, терминжасам жолдары және аударма, оның түрлері жайлы теориялық білімдеріне негізделген, мамандықтарына қатысты қазақшадан орысшаға аударуға арналған және мәтіндермен жұмысты қарастыратын түрлі сипаттағы тапсырмалар келтірілген.

Сөздіктермен, салалық сөздіктермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, лексикалық, синтаксистік оралымдарды танып, дұрыс аудару білу дағдыларын меңгерту, техникалық мәтіндерді қазақшадан орысшаға және орысшадан қазақшаға аудару тәсілдерін нақты мәтіндер үлгісін қолдана отырып игертудің тиімді жақтары қарастырылады.

Тапсырмалар Блум таксономиясы принципі бойынша таным мен ойлаудың деңгейлеріне байланысты құрастырылған: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау. Олар білім алушылардың құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған.

Функционалды сауаттылық тақырыбын қозғаған қазақстандық зерттеуші Е. К. Бирталаев өз мақаласында функционалды сауаттылықтың ерекшеліктерін талдауды қарастыра отырып, оның қалыптасуының әдістемелік жағы және нұсқауларын қолдану тұсы жоғары сынып оқушыларының функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесін шешуге мүмкіндік береді [7].

Ал Б. Б. Асанбаева функционалдылықты оқудың күрделі әрекетінде қарастырып, негізгі үш кезеңді бөліп көрсетеді:

«1. Мәтінде берілген сөздерді қабылдау. 2. Оқыған сөздерге қатысты мазмұнды түсіну. 3. Оқыған мәтінді бағалау». Осылайша оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамыту мәселесі оқушылардың сапалы білім алып, болашақта алған білімін өмірдің кез келген саласымен ұштастыра алатын функционалды сауатты тұлға болып қалыптасуында іргелі орын алады [8].

Кристиен Андрианатос «Жоғары оқу орындарында оқу дағдыларын қалыптастыру барысындағы кедергілер» атты мақаласында оқу - бұл жоғары оқу орындарының студенттеріне қажет функционалды академиялық сауаттылық деген пікір білдіре отырып, жоғары оқу орындарында оқу нәтижелері тапсырмалар түрінде бағаланып, оқу процесі елеусіз қалып, жалпы оқу, ақпаратты меңгеру барысында жүйелі, критикалық тұрғыдан ойлау сияқты маңызды дағдылар қалыптасатыны ескерілмей жатады деген пікір білдіреді [9].

Сонымен кәсіби қазақ тілінен мәтін бойынша орындалатын тапсырмалар жүйесін шамамен былай келтіруге болады:

1 Қазақстанның отын-энергетикалық қорының жағдайы мен болашағы

Сөздік

отын қоры – запас (ресурс) топлива

сыртқы сатуға шығару – экспортировать

шоғырлану – концентрироваться

отын-энергетикалық кешені - топливно-энергетический комплекс

қоңыр көмір – бурый уголь

барлау – разведывать

ұшпа заттар – летучие вещества

жоғары жану жылудылығы – максимальная температура горения

қондырғы – установка

қазандық – котел

Қазақстан қазіргі кезде және болашақта алғашқы энергетикалық қормен өзін-өзі қамтамасыз етіп, сыртқа сатуға шығара алатын елдердің қатарына жатады, ондай елдер дүние жүзінде көп емес. Жердің құрғақ аумағының 1,8%-ын алып жатқан біздің республикада дүниежүзілік отын қорының 0,5%-дайы шоғырланған. Одан көмір үлесіне 80%, мұнай мен газ шығынына 13%, табиғи газға 7% келеді.

Республиканың отын-энергетикалық кешенінің мүмкіншілігі әлі жеткілікті толық пайдаланылмай отыр. Отын-энергетикалық қорлардың Қазақстан жерінде орналасуы біркелкі емес: көмірдің негізгі қорлары Қазақстанның Солтүстік және Орталық бөлігінде шоғырланған, Батыс алқап мұнай мен газдың айтарлықтай қорына ие, Оңтүстік Қазақстанда өте ірі төменгі Іле қоңыр көмір кені мен бірнеше ұсақ газ және көмір кендері бар.

Негізгі су энергетикалық қорлар Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда шоғырланған...

Тапсырмалар

1. Сұрақтармен жұп болып жұмыс істеңіздер:

- 1) Қазақстан көмірмен өз мұқтажыңын қамтамасыз ете ала ма?
- 2) Сыртқа шығарылатын көмір қоры қандай?
- 3) Еліміздің көмір қорының мөлшері қандай?
- 4) Көмір шығарудың тәсілдері қандай, олардың айырмашылығы неде, қай тәсілдің тиімділігі жоғары?
- 5) Көмір қорлары қандай аймақтарда шоғырланған?

6) Көмірден өндірілетін энергия баламалы энергияға қарағанда арзан ба, қымбат па?

7) Көмір өндірудің экологияға әсері қандай?

-уде, -уда формалы етістік.

Тұйық формадағы етістікке (көбінесе ырықсыз, ортақ етіс формасына) жатыс септігі жалғауы қосылып, осы шақта орындалып жатқан іс-әрекетті және осы іс-әрекеттің тағы да біршама уақыт жалғасатындығын білдіреді. Мұндай форма хабарлау, ақпарат беру мақсатындағы сөйлемдерде, көбінесе публицистикалық стильде қолданылады. Мысалы: өндірілуде, жалғасуда, күтілуде.

2. Етістікке у+да/де қосымшаларын жалғап, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Энергия қорларын үнемдеу бүгінгі күннің аса маңызды міндеттерінің біріне айнал... .
Өнеркәсібі дамыған әлемнің барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу шаралары дұрыс жолға қойыл... . Қайта қалпына келетін энергияны электр қуатын өндіру және жеткізу үшін қолдану арқылы Қазақстанның энергияға тапшы өңірлерінде үнемділікке қол жеткізіл... . 2015 жылға дейін жалпы қуаттылығы 91 МВт күн қондырғыларын іске қосу қарастырыл... . Қазақстанда күн энергетикасын дамытуға қажетті кремний және фотоэлектрлік элементтер шығаратын өндірістік база құруға бағытталған шаралар қабылдан... . Биогаз жарықтандыру, үй жылыту, тамақ пісіру, көлік, электр генераторларының роторларын қозғалту мақсатында қолданыл... .

3. Жақын мағыналы сөздерді жазыңыз.

даму

өндіру

құру

қозғалту

қуат

қайта қалпына келу

тасымалдау

энергияға тапшы [15].

5. Мамандығыңызға байланысты суреттеу, баяндау, хабарлау, пайымдау әдістерінің тиістісін қолдана отырып, бір құрылғының сипаттамасын келтірілген құрылымдар арқылы жазыңыз:

Не дегеніміз не / Не не болып табылады / Нені қалай атайды / Нені не үшін қолданады / Не үшін нені қолданады немесе пайдаланады / Не не үшін қызмет атқарады / Не үшін қызмет атқаратын не / Нені не үшін пайдаланады / Не үшін нені пайдаланады / Не неге жатады / Нені неден жасайды / Ол үшін не істеу керек / Не неге бөлінеді / Нені неге немесе қалай бөледі / Ненің құрамына не кіреді / Не ненің құрамына кіреді / Не ретінде не қолданылады / Не ретінде не қолданылуы мүмкін / Нені неге қосады немесе жалғайды / Не неге немесе қайда әсер етеді / Нені немен жалғайды / Нені неге немесе қайда жалғайды / Ненің көмегімен немесе не арқылы / Не неден тұрады немесе құралады / Нені қайда орнатады немесе жалғайды / Не не болып саналады / Не неге теңеледі / Не нені неге түрлендіреді / Не неге айналады / Не неден қалай ерекшеленеді т.б. /

Қорыта келгенде, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Олай болса, функционалдық сауаттылық білім алушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы, қосындысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] Танган С. А. «Новая грамотность» в развитых странах // Советская педагогика. - 1990. - № 1. - С. 3-17.

[2] Literacy and the New Work Order, National Institute of Adult Continuing Education, London, 1998, pp. 1-8.

[3] Хуторской А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. - М.: Изд-во МГУ, 2003. - 416 с.

[4] Фролова П. И. Формирование функциональной грамотности как основа развития учебно-познавательной компетентности студентов технического вуза в процессе изучения гуманитарных дисциплин: монография. - Омск: СибАДИ, 2012. - 196 с.

[5] Marcia Jane Ganasan, Nordin Abd. Razak, and Marlina Jamal. Malaysian high schoolers' reading literacy performance: Trends and patterns across states. - *INDONESIAN JOURNAL OF APPLIED LINGUISTICS* Vol. 10 No. 1, May 2020, pp. 161-172

[6] Аккузова А. А. Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде). Филос. ғыл. докт. дис. (PhD) (лингвистика) Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ; - Алматы, 2020. - 164 б.

[7] Бирталаев Е. К. // Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім сапасын арттырудың кепілі. *Ізденіс. Халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал – «Қазақстан жоғары мектебі» журналының ғылыми қосымшасы.* № 1(1) / 2020.

[8] Асанбаева Б. Б. Оқу сауаттылығы – оқушылардың функционалды сауаттылығының негізі // *Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы.* № 4 (76) 2018 ж., 136-141 б.

[9] Kristien Andrianatos, 2019, 'Barriers to reading in higher education: Rethinking reading support', Reading & Writing- Journal of the Reading Association of South Africa ISSN: (Online) 2308-1422, (Print) 2079-8245 10(1), a241. <https://doi.org/10.4102/rw.v10i1.241>.

[10] Төлеуп М. М. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі. Электр энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған. Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2018. -80 бет.

Калыбаева Салтанат Бегалиевна

Түркістан облысы, Келес ауданы №2 Ө.Жәнібеков атындағы
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші

XXI ҒАСЫР – БІЛІМ МЕН БІЛІКТІҢ ДӘУІРІ

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – деп, халқымыздың ұлы ақыны Абай айтқан талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ой – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып-біліп, білімді де білікті толық тұлға болып қалыптасуы – XXI ғасырдың талабы. Өйткені, бүгінгі күш те, қуат та – білімде!

Мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында аянбай тер төгеді. Сол себепті, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударып, бүгінгі жастар – болашақ Қазақстанның жарқын бейнесі екенін жеткізді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шыққан әр адамның жарқын болашаққа деген сенімінің арта түсетіні анық. Аталған мақалада Елбасы халқымыздың болашағы туралы кемелді ойларын жүректен өткізе отырып, толғана баяндайды. Ол халқымыздың бүгінгі мен ертеңі туралы келелі ой қозғап, игі мақсаттарды анықтап, оған бастар жолды саралап берді. Еліміздің жас ұрпақты білім мен ғылымға баулып жүрген ұстаздар қауымы үшін аталған мақаланың, әсіресе, «Білімнің салтанат құруы» атты бөлімінде айтылған ойлардың маңызы зор. «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» – деп, Елбасы атап өткеніндей халқымыздың білімге деген құштарлығына айқын дәлелдер жетерлік. Шешілуі қиын небір дауларға нүкте қоя білген бабаларымыздың шешендігінің өзі терең білімнен бастау алады.

Елбасымыз тағы бір сөзінде: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұр, – деп жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын ету, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп екінші ұстаз айтқандай, жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан — 2030 " атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» — деп, үлкен үміт артты. Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір, ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Елбасының «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» – деген сөзін басшылыққа алған ұлағатты ұстаздар жас ұрпаққа тәлімді тәрбие, сапалы білім беруде талмай ізденіп, жаңа бастамаларға қызу үн қосуда. Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға міндетті екенімізді естен шығармайық!

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі